

«Перевернем мир с ног на голову 2023»

Облыстық жазғы оқу сайысы

Ереже

Интернет-сайыстың мақсаты мен міндеті

Мақсаты:

• Жазғы демалыс күндері балалар мен жасөспірімдерді кітапханаларға жүйелі түрде баруға және оқуға тарту, бос уақытты ұйымдастыру; жас оқырмандардың әлемді және өзін тануда жаңа білім көзі ретінде оқудың құндылығы мен маңыздылығын қалыптастыру.

Міндеті:

- оқырманның ой-өрісін қалыптастыруға және кеңейтуге ықпал ету;
- заманға сай жекелеген және шығармашылық жұмыс түрлері арқылы оқырмандардың қызығушылығын дамытуға ықпал ету;
- жас оқырманның өзін-өзі дамытуында кітап пен оқудың рөлін күшейту;
- балалардың сыныптан тыс оқуын қадағалау.

1. Облыстық жазғы оқу сайысы – 2023 іске асыру мерзімі

2023 жылдың 1 маусым және 31 тамыз аралығында өткізіледі (Бұдан әрі – Сайыс).

2. Сайыстың ұйымдастырушылары мен қатысушылары

2.1 Облыстық жазғы оқу сайысының ұйымдастырушысы Шығыс Қазақстан облыстық мәдениет басқармасының «Шығыс Қазақстан облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасы» КММ болып табылады (Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.).

2.2 Сайыстың мақсаты мен міндетін қолдайтын барлық жалпыға қолжетімді кітапханалар ұйымдастырушылар бола алады (көпшілік, мектеп кітапханалары т.б.)

2.3 Сайысқа екі жас санатындағы оқырмандар қатысады (6-10 жас, 11-16 жас).

3. Сайыстың негізгі іс-шаралары

Сайыстың негізгі іс-шаралары қатысушылардың екі санаты арасында өткізілетін шығармашылық номинациялар болып табылады. Әр номинация үшін «Қатысушы сауалнамасын» толтыру қажет (1-ҚОСЫМШАНЫ қараңыз). Толтырылмаған сауалнамасыз жұмыстар сайысқа қабылданбайды.

3.1 «Let's sing» музыкалық-шығармашылық номинациясында бір тақпақты (өлеңді) ұсынылған музыкалық жанрдың кез-келгені бойынша орындау керек (халық музыкасы, рэп, хип-хоп, поп музыка, джаз, кантри және тағы да басқа).

Сіздің түпнұсқа орындауыңыз бейнероликке жазылуы керек, орындалмас бұрын өзіңізді таныстырыңыз, тақпақты (өлеңді) және оның авторын атаңыз. Жанды музыкалық сүйемелдеу құпталады.

Бейнежазбаның техникалық талаптары:

көлденең түсірілім (горизонтальды);

- MPEG4 көлемі 720x576 кем емес;

- бейнеролик ұзақтығы 3 минутқа дейін.

Сайысты ұйымдастырушыларға электрондық пошта арқылы жіберіледі vkodub_konkurs@mail.ru

3.2 «**Sticker Pack¹**» номинациясында – Сайыстың қатысушыларына сүйікті кітаптары бойынша (кез-келген көркем шығармалар) стикерлер жиынтығын дайындау ұсынылады (20 данадан артық емес). Стикерлер мөлшері мен формасы бойынша әр түрлі болуы және сөздермен және қысқа сөз тіркестерімен бірге жүруі мүмкін. JPEG немесе PDF форматындағы Стикерлердің сканерленген нұсқасы Сайысты ұйымдастырушылардың электрондық поштасына жіберіледі vkodub_konkurs@mail.ru (2 ҚОСЫМШАны қараңыз).

3.3 «**BookSlam²**» номинациясында – сүйікті кітабыңыз немесе өнер туындыңыз туралы жарнамалық бейнеролик дайындауыңыз керек. Бейнежазбаны жасау кезінде шығармашылық тәсіл құпталады (мысалы, музыкалық театрландыру, анимация элементтері және т.б.).

Бейнежазбаның техникалық талаптары:

көлденең түсірілім (горизонтальды);

- MPEG4 көлемі 720x576 кем емес;

- бейнеролик ұзақтығы 3 минутқа дейін.

Сайысты ұйымдастырушыларға электрондық пошта арқылы жіберіледі vkodub_konkurs@mail.ru

Сайыстың қорытындысын шығару

4.1. Сайыстың жеңімпаздарын анықтау үшін қазылар алқасы құрылады, оны төраға, ал ол болмаған жағдайда, төрағаның орынбасары басқарады.

4.2. Қазылар алқасының әрбір мүшесі белгілі бір номинациядағы қатысушылардың жұмыстарын критерийлерге сәйкес бағалайды.

4.3 Дауыстарды қорытынды есептеу қазылар алқасының бірлескен шешімімен жүзеге асырылады.

¹ бұл жалпы тақырыппен біріктірілген және мессенджерлерде эмодзилердің орнына қолданылатын суреттер жиынтығы

² Ағылшын тілінен аударғанда ығыстыру деген мағынаны білдіреді

Дауыстардың саны тең болған жағдайда жеңімпазды төраға анықтайды, оның дауысы шешуші болып табылады.

5. Сайысқа түскен жұмыстарды пайдалану құқығы

Сайысқа қатысушылар өздерінің жұмыстарын авторлық төлемақысыз оны ұйымдастырушылардың пайдалануына келісім береді, бірақ автордың есімін келесі тәсілдермен көрсетуге тиісті болады: сайыс жұмыстарының мәтінін, бейнематериалдарды Кітапхана [www. www.vkolibrary.kz](http://www.vkolibrary.kz) сайтында, кітапхананың әлеуметтік парақшаларында, көрмелерде және басқа да көпшілік шараларда көрсету, жинақтарда, сондай-ақ коммерциялық емес негізде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.

6. Жеңімпаздарды марапаттау

Сайыс қорытындысы бойынша, барлық номинациялар I, II, III дәрежелі дипломдар табыс етіледі.

Барлық қатысушылар үшін қатысушы Сертификаты қарастырылған.

Дипломдар мен сертификаттарды табыстау 2023 жылдың 20 қазанында ОҚУ МЕЙРАМЫНЫҢ салтанатты ашылуында өтеді. Қашықтағы қатысушыларға Дипломдар мен сертификаттар электрондық пошта арқылы жіберіледі.

Қатысушы сауалнамасы
Облыстық жазғы оқу сайысы - 2023

Қатысушының аты-жөні (толық)	
Жасы	
Оқу орны/қызмет орны, лауазымы	
Елдің, қаланың, ауылдың атауы	
Қатысушы оқырман болып табылатын кітапхананың толық атауы	
Номинация атауы	
Сайыс жұмысының атауы	
Шығарма атауы	
Мекенжайы, телефоны, Электрондық поштасы	

Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес мен туралы жеке деректерді түзетуге, пайдалануға және таратуға келісімді беремін.

Өтініш толтырылған күн _____

Сайысты өткізу және ұйымдастыру бойынша сұрақтар, сондай-ақ сайыс жұмыстары vkodub_konkurs@mail.ru электрондық поштасына жіберіледі.

Байланысушы тұлға:


Кітапбаева Динара Айткаримовна Оқырмандарға қызмет көрсету орталығының жетекшісі
 (WhatsApp +7 777 8529070);

Ұйымдастыру комитеті

Стикерлер жиынтығы (мысалы)

Набор стикеров Морозко

ВСТАВАЙ СТАРЫЙ, МАРФУШЕНЬКУ-ДУШЕНЬКУ КОМАРИКИ ВУСАЮТ, СПАТЬ ПОЧЕВАТЬ НЕШАЮТ.



В СЛЕДУЮЩИЙ РАЗ, ПО-ТРУДНЕЕ РАБОТУ ЗАДАМ



ЗМЕЯ ПОДКОЛОДНАЯ!!!



МАТЬ НЕ ЗАБЫВАЙ



АЙ, ХОРОШ



ПОЖРЕМ-НЕ-ПОЖРЕМ



ПОПАЛСЯ?



К ЗИМЕ УПАДУТ



КОЛДУЕМ ПОМАЛЕНЬКУ



Ку-ку



ТЫ ЗАБЫЛ СТАРОМУ ЧЕЛОВЕКУ СПАСИБО СКАЗАТЬ



СЕСТРИЦЕ МАРФУШЕНЬКЕ ЧУЛКИ ВЯЖУ



Набор стикеров Маленький принц

